

Бөлімші: ММ -
 әріскер Шәсетей Ш.
 29.01.24ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Балапан» ересек тобы Жоспардың құрылу кезеңі: 29.01-02.02.2024ж

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 29.01.2024 | Сейсенбі 30.01.2024 | Сәрсенбі 31.01.2024 | Бейсенбі 01.02.2024 | Жұма 02.02.2024 |
|--|---|--|---|--|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Тоңды ма сұрау (сөйлеуді дамыту). | | | | |
| Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу | Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы жөнінде ата-аналарға кеңес беру | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | <p>Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, Табиғат құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.</p> | | | | |
| | «Достық» Міндеттері: достық тақырыбында әңгімелесу, суреттер қарату. Әңгімелесу барысында дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту (сөйлеуді дамыту) | «Гажайып қоржыннан» шыққан заттардан жиын жасату. Міндеттері: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. (математика негіздері) | Балаларды орталықтарға бөліп шығармашылық жұмыстар жасату. Ертегі желісі бойынша суретті салу, иттің мүсінін жасату, суреттерден қиып ертегі желісі бойынша жапсырту. (жапсыру және сурет салу, мүсіндеу) | Лего құрастыру ойыншықтарынан сандарды құрастыру. құрастырған сандарынан тізбек жасау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойландыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісуді дамыту (құрастыру) | Геометриялық фигураларды санау, салыстыру. Топта соған ұқсас заттарды табу, атап көрсету дағдысын дамыту. (математика негіздері) |
| Ертеңгілік жаттығу | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|
| Таңғы ас | <p>Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру.</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>Шаттық шеңбері</p> <p>«Сәлем сәлем» видеодағы әнді бірге айтып, іс-әрекетті қайталау. Қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату.</p> <p>Балалардың сезінген әсерлерімен, жаңалықтармен бөлісу.</p> <p>Достық дегеніміз не? Балалардың ойын тыңдау. Сенім топта досың кім? Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p> | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | <p>Дене шынықтыру</p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u></p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u></p> <p><i>Жүру:</i> сапта бір-бірден жүру, <i>Тене-теңдікті сақтау:</i> еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.</p> <p><i>Жүгіру:</i> түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру</p> <p><i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату;</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p> <p>Кешікпе</p> | <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> | <p>Дене шынықтыру</p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u></p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u></p> <p><i>Жүру:</i> сапта бір-бірден жүру, <i>Жүгіру:</i> түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру</p> <p><i>Еңбектеу, ормелеу:</i> 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектен өту; <i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату;</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p> <p>Күн шуақ және жаңбыр</p> <p><u>Спорттық жаттығулар:</u></p> <p>Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату,</p> | <p>Қазақ тілі</p> <p>Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету</p> <p>Өзі мен құрдастарының жауабындағы кәтеліктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u></p> <p><i>Жүру:</i> сапта бір-бірден жүру, <i>Жүгіру:</i> түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру</p> <p>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, қысқа секіргішпен секіру.</p> <p><i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату;</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p> <p>Ойыншықты алып кел.</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|--|---|---|---|--|
| | | | шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. | | |
| | «Достық қалашығы» Міндеттері: достық қалашығын құрылыс материалдарынан құрастыртуды дамыту (құрастыру) | «Жаман жолдас» әнгімесін оқып беру. Міндеттері: Кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау (көркем әдебиет) | «Адал дос» әнгімесін оқып беру. Міндеттері: Балалардың пікірлерін тыңдау. Жаман жолдас әнгімесімен салыстыруды жетілдіру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | Сандар тізбегі карточкалары арқылы сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. (математика негіздері) | «Достық жыры» Бота Бейсенованың әнін ютубтан тыңдату. Бірге айту. (музыка) Ата анамен баланың арасында достық бола ма? Неге олар бізге дос? Ал табиғаттың біз досы бола аламыз ба? Қалай? Сұрақтарын қоюмен жауап беруді дамыту. (көркем әдебиет) |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шақфатарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| Серуен | Аяқ киімінің табанын қарға басу ізімен күн бейнесін салуды үйрету (сурет салу) «Кім тез жинайды» ойыны арқылы қар түйіршіктерінен жиын жасату. (математика негіздері) Қимылды ойын: «Кім жылдам» | Қыстайтын құстарға жем бергізу. Айналадағы табиғатты бақылап, сипаттау. Ауа райындағы ерекшеліктерді байқау. (қоршаған ортамен танысу) Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу, би билету. (музыка) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір» Спорттық | Еңбек Мақсатты: Аула сыпырушыға көмектесу. Берілген тапсырмаларын орындауды үйрету. (қоршаған ортамен танысу) Өздерімен алып шыққан ойыншықтарға зерттеу жүргізу. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы үйретіп, | «Атасының ақылы» әнгімесін оқып беру, ондағы тенеу сөзді түсіндіру. (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Өз «Үйінді тап» Қардан екі дос аққаланың мүсінін жасату (мүсіндеу) | Ауа райын бақылау, Мақсаты: табиғат құбылыстарын, өлі және тірі табиғат нысандарын тану дағдысын жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) Қарда табиғи құбылыстарды бейнелету (сурет салу) Қимылды ойын «Кешікпе» |

| | | | | | |
|---|---|---|--|--|--|
| | | жаттыгулар: Шанамен сырғанау; төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау | қалыптастыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «Тышқандар мен мысықтар» | | |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды пысықтау. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға достық туралы әңгімелер мен ертегілер оқып беру (көркем әрекет) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Дене белсенділігі (танертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сұрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, сонынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару (қоршаған ортамен танысу) | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|--|
| <p>Балалардың дербес әрекеті</p> | <p>Достарымен бірге ойнайтын ойыншықтарды мүсіндеу. Бірлесе ойнау. (мүсіндеу)</p> <p>Қайшымен жұмыс істеуді жетілдіру. Достарға арналған жолдар жасату. Тар жолақтарды көлденеңінен киюды, шаршының бұрыштарын киюды үйрету.</p> <p>(жапсыру)</p> <p>Бірақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка)</p> | <p>Пазылдардан құрастыру ойындарын ойнату (құрастыру)</p> <p>Кітаптарды қарату. Суреттер бойынша ертегі құрастыру. (Сөйлеуді дамыту)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша «Жаман жолдас» ертегі желісі бойынша шығармашылықпен жұмыстар жасауын дамыту. Аюды және екі досты қиып ертегі желісі бойынша жапсыру. Суреттерін бояу. Аюдың мүсінін жасату. (жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)</p> | <p>Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру (құрастыру)</p> <p>Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу, би билету. (музыка)</p> | <p>Адамдардан басқа кімдермен дос болуға болады? Жануарлар мен құстармен дос болуға болады. Балалардың ойларын, тәжірибелерін тыңдау. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Жануарлардан досын мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру. (мүсіндеу)</p> <p>Бірақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка)</p> | <p>Ойын ойнату әр балаға қоржыннан бір зат аладырту. Содан соң сол заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін атауын ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қоржыннан алған затқа қарап пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын жетілдіріп мүсін жасауға жағдай жасау. (мүсіндеу)</p> <p>Өзі таңдаған заттың суретін саладырту Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту дағдысын пысықтау. (сурет салу)</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Нұрқасым мен Хадишаны «Маша мен аю» ертегісінен үзінді суреттер арқылы диалогтік сөйлеуге үйрету</p> | <p>«Дыбыс бойынша санды тап» Шарты: педагог шапалақ ұрады, балалар шапалақ санына сай цифрды атайды.</p> | <p>Өркенмен «Орманда» тақырыбына суреттер арқылы әңгіме құрастыру</p> | <p>«Көршілес сандарды тап» ойыны Шарты: балалар шеңбер құрып тұрады. Жүргізуші допты бір балаға лақтырып, бір санды атайды. Доп ұстаған бала сол саннан кейінгі санды атауы керек. Егер доп ұстаған бала дұрыс жауап</p> | <p>«Сөйлемді аяқта» ойыны Таңғы асты таңертең, ал кешкі асты ... ішеміз -Түнде ұйықтаймыз, ... жаттығу жасаймыз -Күндіз күн шығады, ал Ай ... шығады.</p> |

| | | | | | |
|-------------------------------|--|--|--|--|---|
| | | | | бермесе, басқалары жауабын айтады | |
| Серуенге дайындық | Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| Серуен | Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Жыл мезгілдерінің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Хан талапай» | Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. | Қимылды ойын «Трамвай» Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. | Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Еркін ойындар Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. | Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту. (құрастыру) Қимылды ойын «Хан талапай» |
| Балалардың үйге қайтуы | Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру. Достық туралы, топтағы достары туралы әңгімелесуді ұсыну. | | | | |